

Бекітілген
1998 жылы 19 қазан
Жалпы жиналыстың хаттамасымен
2009 жылы 25 қаңтар
құрылтайшылардың хаттамасымен
өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

**«Халықаралық Ақпараттандыру Академиясы»
қоғамдық бірлестігінің
(ХАА, Алматы)**

ЖАРҒЫСЫ

«Халықаралық Ақпараттандыру Академиясы» қоғамдық бірлестігінің (ХАА, Алматы) ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Халықаралық Ақпараттандыру Академиясы» қоғамдық бірлестігі 1998 жылдың 19 қазан айында жалпы құрылтайшылар жиналысы шешімімен құрылды.

1.2. Толық атауы: орыс тілінде : Общественное объединение «Международная Академия Информатизации», қазақ тілінде : «Халықаралық Ақпараттандыру Академиясы» қоғамдық бірлестігі.

1.3. Халықаралық Ақпараттандыру Академиясы , әрі қарай атауы ХАТА немесе Академия, ақпарат табиғатын тану, ақпараттану технологиясы, экологиялық және ақпараттық – аналитикалық қызмет, қоғамды ақпараттандыру және біртұтас әлемдік қоғамдастық құру саласында жақтастардан тұратын тәуелсіз өзін-өзі басқаратын қоғамдық бірлестік болып табылады.

1.4. ХАТА өзінің жұмысын өз мүшелерінің еріктілігі мен тең құқылығы негізінде және Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының Жарғысына , Қазақстан Республикасының заңдарына сай Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының ақпараттық өзін-өзі басқару шеңберінде жүргізеді.

1.5. Академияның қызмет ету деңгейі жергілікті , Қазақстан Республикасы аумағының жартысында , Қазақстан Республикасының заңнамасымен құрылған өзінің құрылымдық бөлімшелері (облыстық және қалалық) бар. Академия бөлімшелері Академия мүшелерін (сәйкесінше сол аудандарда тұратын) бір жерге тоғыстырады.

1.6. Академияны басқарушы органдары және бөлімшелері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан.

1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академия органдары ұсынған Азаматтық-құқықтық қатынастағы меншік құқығында жеке мүлкі бар заңды тұлға болып табылады, өз мүлкіне міндеттемелері бойынша өзінің мүлкімен жауап береді, өз атынан мүлктік және мүлктік емес құқықтар мен міндеттерді алып, жүзеге асыра алады, сотта талапкер мен жауапкер бола алады.

Академияның құқықтық қабілеті оның мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен басталады.

Академия бөлімшелері заңды тұлға болып табылмайды. Аумақтық органдарда шоттық тіркеуден өтеді.

1.8. ХАТА-ның өз аты мемлекеттік және орыс тілінде жазылған мөрі , таңбасы, фирмалық белгісі, бланкілер және басқа да реквизиттер болады.

1.9. Академияның заңды мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Абылай хан көшесі, 79 үй, 311 пәтер.

2. Академияның қызмет түрлері, құқықтары мен мақсаттары

2.1. Академия қызметінің мақсаттары:

- бірыңғай әлемдік ақпараттық кеңістікке кіретін Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын құру;

- Қазақстан Республикасы тұрғындары мен әлемдік қоғамдастықтың ақпараттық мәдениетін арттыру;

- Қазақстан Республикасы және әлемдік қоғамдастықтың ақпараттық дамуының негізгі бағытын болжау;

- білікті ғылыми кадрлар мен мамандар дайындауға қатысу, халық шаруашылығының барлық салаларында мамандардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мен қайта дайындау;

- баспа қызметі өндірістік, ғылыми, оқыту- әдістемелік әдебиеттер, газет пен журналдар шығару.

2.2. Академия қызметінің түрлері:

- ақпараттандыру саласындағы ғылыми- зерттеу және ғылыми насихаттау жұмыстары;

- әлемнің, әлемдік қоғамдастықтың тірі және өлі табиғаттың ақпараттық-кодтық құрылымын зерттеу, әлемдік қоғамдастықтың дүниетанымдық -ағарту мәселелерін зерттеу;

- ақпараттық – аналитикалық қызметтің әдістемесін, сараптау мен болжау әдістемесін әзірлеу;

- осы заманғы ақпараттық қауымдастық құруға бағытталған басқа да зерттеулер мен талдаулар жасау, әлеуметтік сауалдама өткізу;

- ақпараттық- коммуникациялық технология және жобаны басқару саласында ақпараттық-құқықтық жүйелерді және стандарттарды әзірлеу;

- ақпараттық- коммуникациялық технология саласында халықаралық және отандық ұйымдармен біріккен жоба өткізу, адамдық қызмет саласында және барлық салада автоматтандырылған база мен банктер мәліметтерін құру;

- ғылым және өндіріс саласына ақпараттық -аналитикалық жүйелер мен ақпараттық технологияларды және жобаларды және бағдарламаларды басқарудың осы заманғы тәжірибесін енгізу;

- ақпараттандыру және жобаны басқару облысындағы жоғары дәрежелі ғылыми кадрлар мен мамандар біліктілігін жоғарылату және дайындау қызметі;

- баспа қызметі;

- көрмелер мен конференциялар ұйымдастыру, форумдар, симпозиумдар өткізу, отандық және шетелдік шараларға қатысу;

- халықаралық ақпараттық қызмет, ақпараттандыру және жобаны басқару саласында кәсіпкерлік қызмет.

2.3. Жарлық мақсаттарының орындалуына бағытталған, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына қайшы келмейтін Академияның құқықтары:

- өзінің қызметі туралы ақпарат тарату;

- мемлекеттік органдарда және сотта, басқа да қоғамдық бірлестіктерде өз қызметкерлерінің құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғау;

- бұқаралық ақпарат құралдарын құру;

- баспа қызметін жүзеге асыру;

- халықаралық және қазақстандық коммерциялық емес, үкіметтік емес қоғамдар құрамына кіру;

- Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру.

2.4. Академия:

- Қазақстан Республикасының заңдарын, сонымен бірге жарлықта қарастырылған нормаларды сақтауға;

- қызметкерлерге олардың құқығы мен мүддесіне қатысты Академия шешімдерімен, құжаттарымен толық танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- бірыңғай мемлекеттік тіркеуде қарастырылған қызмет етуші басқару органдары мен басқарушылар туралы мәліметтердің тұрақты мекен-жайының өзгерістері туралы ақпараттандыру;

- өз қызметі туралы есепті Салық органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және көлемде тапсыруға міндетті.

3. Мүшелік, мүшелікке өту және одан шығу шарттары

3.1. Академияға мүше болу жеке, ерікті белгіленген түрде болады:

3.2. Академия Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар - ғалымдар, мамандар, өндірістік және өндірістік емес, ауылшаруашылығы салаларының кәсіби мамандары, ақпараттық байланыстарды жолға қоюшы бүгінгі таңдағы ақпараттық өндірісті дамытушы, ақпарат алмасуды ұйымдастырушы және әлем қоғамдастығының ақпараттық мәдениетін жоғарлатуға ат салысып жүрген мемлекеттік, саяси және қоғамдық қайраткерлер мүше бола алады.

3.3. Толық мүшелер және толық мүшелікке кандидаттар Академияның немесе оның орталықтарының (әрі қарай президиумға бекіту үшін) жалпы жиналыстарда (конференцияларында) Академияның толық мүшелерінің немесе мекемелердің кәсіпорындар мен ұйымдардың ұсынымымен жасырын дауыс беру арқылы немесе Академияның www.academy.kz сайтында интернет-сайлау жолымен көпшіліктің дауысымен сайланады. Академияның құрметті мүшелері Академия президиумінде сайланады.

3.4. Академияға мүшелік ету диплом және мүшелік билетпен расталады.

3.5. Академия мүшелері құқылы:

- Академия органдарын құруға және оның құрамына сайлануға;

- Академия ұйымдастыратын барлық шараларға қатысуға;

- Академияның барлық органдарына олардың жұмыстарына байланысты мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге ;

- Академияның кез келген органының жұмысына кеңесші дауыс құқығымен қатысуға;

- Академиядан өздерінің заңды мүдделерін қорғау үшін көмек сұрауға;

- Нобель , Мемлекеттік және басқа да әлем сыйлықтарына ұсынылуға құқықтары бар.

3.6. Академия мүшелері:

- Академия Жарғысын, жалпы жиналыстың (конференцияның) және Академия президиумының шешімдерін орындауға;

- Академия идеяларын насихаттауға;

- Академияның жалпы жиналысына, филиалдарына және секцияларының жұмыстарына қатысуға;

- қоғамдық ақпараттандыру мен қамтамасыз етудің басты мәселелерін шешуге белсенді қатысуға;

- кіріспе және жылдық мүшелік жарнаны төлеуге міндетті.

3.7. Академияға мүше болу мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- Академиядан өз еркі бойынша шыққанда;

- Академия мүшесінің абыройы мен атағына кір келтіретін әрекеті үшін Академия мүшелігінен шығарылғанда.

4. Академия басқару органдары

4.1. Академия органдары және олардың бөлімшелері:

- жоғарғы басқару органдары;

- басқару органдары;

- атқарушы органдар;

- бақылау-тексеру органы.

4.2. Академияның жоғарғы органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс қажеттілігіне қарай жылына бір реттен артық өткізілмейді. Қажет болған жағдайда Академия Президиумының, оның президентінің бастамасымен Академияның кезектен тыс жиналысы немесе конференциясы шақырылады.

Жиналыс Академия мүшелерінің жартысы қатысқанда заңды болып табылады. Академия мүшелерінің жиналысына қатысушылар құрамына жиналыстың күн тәртібіне қойылған мәселелерге интернет-сайлау жолымен қатысатын мүшелер болып табылады.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Бұл кезде электрондық почтаны қолдану және интернет-сайлау жолымен дауыс берген Академия мүшелерінің дауыстары есепке алынады.

4.3. Академияның бөлімшесінің жоғарғы органы бөлімшенің жалпы жиналысы болып табылады. Жиналыс қажеттілігіне қарай өткізіледі. Кезектен тыс жиналыс қажеттілігіне қарай Академия Президиумының немесе бөлімше Директорының шақыруымен өткізілуі мүмкін. Жиналыс Академия мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысқанда заңды болып табылады. Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

4.4. Академияның жалпы жиналыс аралығындағы басқару органы Академия Президенті басқаратын Академия Президиумы болып табылады. Академия Президиумы жалпы жиналыстың құпиялы дауыс беруімен сайланады.

Академия Президиумы бес жылға сайланады.

Президиумның құрамына: Президент, Бас Директор – бірінші вице-президент, вице-президенттер, бас ғалымхатшы және Президиум мүшелері кіреді. Вице-президент пен Президиум мүшелерінің саны Академияның жалпы жиналысында анықталады. Президент және Бас Директор – бірінші вице-президент Академияның жалпы жиналысында сайланады, ал вице-президенттер мен бас ғалымхатшы Академия Президиумының құрамындағы Президиум мүшелерімен сайланады. Бөлімшенің басқарушы органына Академия бөлімшелерінің директоры басшылық етеді. Академия бөлімшесінің директоры үш жылға сайланады.

4.5. Академияның атқарушы органы -дирекция жалпы жиналыста тағайындалған, Бас директор – Академияның Вице-президентімен басқарылатын орган болып табылады.

4.6. Академия және бөлімшелердің бақылау-тексеру органдары тексеру комиссиясымен басқарылатын дирекция болып табылады. Академияның тексеру комиссиясы жалпы жиналыста тағайындалады. Ол бес жылға сайланады. Ал бөлімшелердің тексеру комиссиясы бөлімшенің жалпы жиналысында сайланады, ол үш жылға сайланады.

5. Академия органдарының өкілеттіктері

5.1. Академияның жалпы жиналысы (конференция) Академия қызметінің барлық мәселелерін шешуге құқылы. Жалпы жиналыстың айырықша құзырына:

- Академия қызметінің тактикасын және стратегиясын бекіту және өңдеу;
- Академия Жарғысын басқа да бағдарламалық құжаттарын қабылдау және оларға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жалпы жиналыстың (конференция) күн тәртібін бекіту;
- Академия Президиумын сайлау, сандық құрамын бекіту, оның қызметі туралы есебін тыңдау;
- Академияның бірінші вице-президенті – Бас директор мен Президентті сайлау;
- Академияның тексеру комиссиясын таңдау және сандық құрамын бекіту;
- Академияның қаржы-шаруашылық қызметі туралы бақылау-тексеру комиссиясының есебін тыңдау;
- кіріспе және мүшелік жарналардың өлшемдерін бекіту;
- Академия қызметінің негізгі бағыттары бойынша тарату құралдарын бекіту;
- Академияның мүшелілігіне талапкерлер мен кандидаттар қабылдау туралы Академия Президиумының шешімін бекіту;
- атаулы сыйақы, стипендия, құрметті атақтар тағайындау және оларды марапаттау туралы шешім қабылдау;
- заңнамалық актілерде белгіленген шегінде Академияның басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы, сондай-ақ филиалдар ашу туралы шешімдер қабылдау;
- Академияны өз еркімен қайта құру және тарату туралы шешім қабылдау жатады.

5.2. Академия Президиумы:

- өз құрамынан Академияның Бас ғылыми хатшысын және Вице-президенттерді сайлайды;
- Академияның құрамына мүшелер мен кандидаттар қабылдайды және оларды сараптау шешімін Академияның жалпы жиналысына (конференция) қарастыруға енгізеді;
- Академияның кезекті, кезекті емес жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдайды;
- Академияның жалпы жиналысына (конференция) Академия Жарғысына толықтырулар мен өзгерістер жасау туралы ұсыныс енгізеді ;
- жалпы жиналысы (конференция) арасындағы мерзімдегі жұмысты ұйымдастырады;
- Академияның ғылыми-тұжырымдамалық қызметін басқарады;

- Академияның жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатқызылмағандардан басқа Академия қызметінің барлық мәселелерінің шешімін қабылдайды.

5.3. Академия Президенті:

- Академия және оның Президиумының ғылыми қызметіне жалпы басшылық жүргізеді;
- жалпы жиналысты (конференция) ашады және оған төрағалық етеді;
- Академия Президиумын басқарады, оның жұмысын ұйымдастырып, бақылау жасайды;
- Президент, Вице-Президент және Президиум мүшелеріне қатысты міндеттерді бөліп, бекітеді;
- Президиум құрамы бойынша Академия Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;
- қазақстандық және шетелдік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар және үшінші жақ алдында Академия мүддесін қорғайды;
- өз өкілеттігінің шеңберінде басқа да қызметтерді жүзеге асырады.
- Президент болмаған жағдайда оның міндеттерін Академияның бірінші вице-президенті – Бас директор атқарады.

5.4. Академия бөлімшесінің жалпы жиналысы. Академияның жоғарғы органының айырықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа, Академия бөлімшесі қызметтерінің барлық сұрақтарын шешуге құқылы, сонымен бірге:

- бөлімше директоры мен оның орынбасарын тағайындауға;
- Академия бөлімшелерінің тексеру комиссия мүшелерін тағайындау және сандық құрамын бекітуге;
- бөлімше қызметінің негізгі бағыттарымен құралдарды таратуды бекітуге;
- Академия бөлімшесінің қаржы-шаруашылық қызметі туралы тексеру комиссиясының және бөлімше директорының қызметі туралы есептерін тыңдауға;
- Академияның құрамына мүшелер мен кандидаттар таңдауға кандидаттарды ұсынуға;
- Академияның кезекті және кезектен тыс жиналыстарына делегаттарды сайлауға;
- атаулы сыйақы, стипендия, құрметті атақтармен марапаттауға кандидаттарды ұсынуға;
- бекітілген заңнамалық актілерге байланысты Академия Президиумына бөлімшенің басқа заңды тұлғаның құрылуы мен қызметіне қатысу ұсынысын енгізуге;
- Академия бөлімшесінің өз еркімен қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.5. Академия бөлімшесінің директоры:

- Академия бөлімшесінің ғылыми және ұйымдастырушылық қызметіне жалпы басқаруды жүргізуді жүзеге асырады;
- Академияның басқарушы органдарының шешімдерін жүзеге асыру шараларын қабылдайды;
- бөлімшенің жалпы жиналысын ашады және онда төрағалық етеді;
- Академияның және бөлімшелердің мүдделерін, мақсаттарын есепке ала отырып өндірістік кәсіпорындармен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасайды;
- бөлімшенің жалпы жиналысына бөлімше директорының орынбасарын сайлауға кандидат ұсынады және оның өкілеттілігі мен атқарушы міндеттерін айқындайды;
- қазақстандық және шетелдік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар және үшінші жақ алдында Академия бөлімшесінің мүддесін қорғайды және соның атынан сөйлейді;
- бөлімше ақшасы мен мүлкіне иелік етеді;
- Академия Президиумына бөлімше жұмысы туралы есеп береді;
- өзінің өкілеттігі шеңберінде басқа функцияларды орындайды.

5.6. Академияның атқарушы органы – дирекциясы, Академияның жоғарғы және басқарушы органдарының айырықша құзыретіне жатқызылғандарынан басқа, Академия қызметтерінің барлық мәселелерін шешуге құқылы. Дирекция қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сақтандыру заңнамасы қолданылады.

Дирекцияны Академияның бірінші вице-президенті – Бас директор басқарады және ол:

- қазақстандық және шетелдік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар және үшінші жақ алдында Академия мүддесін қорғауға;
- Академия мүлкіне әкімшілік-шаруашылық және ұйымдастырушылық басқаруды жүзеге асыруға;
- қаржылық және басқа да құжаттарға қол қоюға;
- дирекция құрылымы мен штатын бекітуге;
- Академия дирекциясы құрамын қалыптастыру, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, еңбек келісімін қорытындылауға;
- тиісті бұйрықтар мен жарлықтарды шығаруға;
- Академия атынан келісімдер мен келісім-шарттарды қорытындылауға;

- Академияның өкілдеріне Академия мүддесін үшінші жақ, сонымен бірге сот және басқа да органдар алдында қорғауға сенімхат беруге;

- Академия қызметі мен мүлкін басқару жөніндегі басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға құқылы.

5.7. Академия мен бөлімшелердің тексеру комиссиясы:

- Академияның және тиісті бөлімшелердің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізеді;
- жылына кем дегенде бір рет қаржы-шаруашылық қызметті тексерістен өткізеді;
- Академияның тексеру комиссиясы Академияның жалпы жиналысына есеп береді;
- бөлімшенің тексеру комиссиясы бөлімшенің жалпы жиналысына есеп береді.

6. Академия Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

6.1. Академия Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу сұрағы Академия Президенті мен Президиумның жалпы жиналыста (конференция) қарастыруымен енгізіледі.

6.2. Академияның жалпы жиналысында (конференция) қабылданған Академия Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу мемлекеттік тіркеуге жатқызылады.

7. Академияның қаржыландыру көздері және мүліктері

7.1. Академияның қаржыландыру көзі кіріспе, ерікті және жылдық мүшелік жарналары, азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдардың қайырымдылықтарынан болады. Кіріспе және жылдық мүшелік жарналардың өлшемі Академияның жалпы жиналысында (конференция) қабылданады.

7.2. Академия жарғылық қызметтің орындалуына берілген заңды тұлғалардың және басқа да азаматтардың ақша мен мүлік иегері, сонымен бірге шаруашылық қызметтен түскен пайданың, өз құралдары есебінен Академиямен құрылған немесе пайда болған мүліктердің иегері болып табылады.

7.3. Академия мүлкі оның мүшелеріне бөлінбейді және Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

7.4. Академия мүшелері Академия міндеттері, сол секілді Академия да - өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7.5. Қаржы ресурстарын жинақтау және материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында, белгіленген заңнама тәртібімен жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін Академия:

- кәсіпкерлік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға, шарттар жасасуға, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған мәмілелер жасасуға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғимаратты, құрылысты, жабдықты, көлік құралдарын, өзге де мүлікті жалға беруге;

- несие алуға және несие қаражатын пайдалануға;

өз қызметін басқа да тұлғалармен бірлесе отырып жүзеге асыруға құқылы.

7.6. Академияның қаражатын қайырымдылық мақсатқа пайдалануға жол беріледі.

8. Академияны қайта құру және тарату

8.1. Академияны қайта ұйыдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, қайта құру) жалпы жиналыс (конференция) шешімімен, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

8.2. Академия қызметінің тоқтатылуы таратылу жолымен жүзеге асады:

жалпы жиналыс шешімі бойынша;

сот шешімі бойынша.

8.3. Тарағаннан кейін Академия мүлкі және қаржысы осы Жарғыға сай Академияның мақсатарын орындауға бағытталады.

8.4. Академия қызметінің тоқтатылуы заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне тиісті жазба енгізілген соң Академия таратылды деп есептеледі.

**Бас директор –
Академияның бірінші вице-президенті**

А.Ф.Цеховой